

Сондықтан өнеркәсіптік, көліктік авариялардың алдын алу мен олардың салдарларын жою саласындағы ғылыми зерттеулер, ғылыми-техникалық ақпарат және технологиялар алмасу мәселелеріндегі мемлекетаралық ынтымақтастық ерекше маңызға ие болмақ.

Теңізде трансшекаралық ықпал ететін өнеркәсіптік, көліктік авариялар бола қалған жағдайда басқа адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне және қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың нормативтік базасын жасау жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Жоғарыда аталған іс-шаралар кешенін іске асыру нәтижесінде КТҚС-ын игеру кезінде өнеркәсіптік, көліктік авариялар мен өрттердің пайда болу қатері азаяды деп күтіледі және олардың салдарларын жоюға әзірліктің қажетті деңгейі қамтамасыз етілетін болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Реймерс Н.Ф. Охрана природы и окружающей среды: Словарь- справочник.- М.: Просвещение, 1992, 120с.
2. Реймерс Н.Ф. Экология, М.: 1994, 246с.
3. Экзарьян В.Н. Геоэкология и охрана окружающей среды. М.: 1997,

## **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕРАСТЫ ТАБИҒИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

*АЛМАТОВА Б.Г.*

Мұғалжар тауы орографиялық элемент ретінде Өр өзенінің оңтүстігінде орналасқан және меридиан жолдамасында 48<sup>0</sup> еңісінде Шошқа көлден өтеді. Мұғалжардың ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке 200 км, Шошқа көлге қарай 120 км созылған.

Мұғалжар тауы бірнеше жоталардан құралған төменгі тау жүйесіне жатады. Ең басты Мұғалжар жотасы аталатын, биік таулы жүйе, ең биік Мұғалжар нүктелері: Үлкен Бактыбай (657,1м), Бершүгір (638м), Екі ағайынды (635м), Даутау (622,8м). Ең қызығы, Үлкен Бактыбай тек қана Мұғалжар емес, бүкіл Батыс Қазақстанның ең биік нүктесі болып табылады.

Тілінген рельефті аймақтардың өз атауы бар. Орал өзенінің сол жақ жағалауында, Тереклі өзенінің оң жағалауы бойынша Тереклі таулары, Ебеті өзенінің орта және саға бөлігінде Ебеті таулары ал Жақсы Қарғалы өзені аймағында Қарғалы таулары орналасқан. Осы ұсақ таулы облыс «Ақтөбе Швейцариясы» деген атпен белгілі.

Орал асты платосы Өр-Елек көтерілімінен батысқа, Мұғалжар мен Шошқа көлі бойымен Жалпы Сырт көтеріліміне қарай өтеді. Плато көптеген өзен аймақтарымен: Елек, Қобда, Ойыл, Өр, Сағыз, Темір, Ембі өзендерімен сипатталады. Плато батысында Ақтолағай жотасы, Орындықты таулары орналасқан.

Үстірт платосы өз аймағының солтүстік бөлігімен енеді. Плато беткейінің көп бөлігі тегіс, салыстырмалы биіктігі 200м дейін жарықтармен шектеледі. Солтүстік және солтүстік-батыста Желтау таулары бар, бірақ олар Ақтөбе облысы шекарасынан шығып кетеді. Оңтүстік бөлігінде Қосбұлақ, Асмантай-Матай, Сам тауларымен, Матай Құм топырағы орналасқан.

Шығыс Мұғалжар платосы теңіз деңгейінен 320-420м абсолюттік белгісіндегі Мұғалжар тауынан шығыс жағында орналасқан кең аймақ. Плато беткейі каньон тәріздес өзен аумақтарымен құралады.

Торғай платосы Ақтөбе облысының бүкіл шығыс бөлігін қамтиды. Оңтүстік-батыс бөлік Ұрғыз маңы жазықтығымен бөлінеді. Жалпы жазықтық батыстан шығысқа

қарай, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай төмендейді. Ақтөбе облысының оңтүстік-шығысында құмды массив кең етек жайған: Баршақұм, Үлкенқұм және т.б.

Арал маңы жазықтығы оңтүстігінде Арал теңізімен, батыста Шағырай платосы мен Шошқа көл белдеміне енеді. Жалпы батыстан шығысқа қарай 150м-ден 90м-ге төмендейді. Солтүстікке қарай Арал маңы жазықтығы Торғай платосына, шығыста Қызылорда облысы шекарасында Тұран төмен белдемімен шектеледі.

### **Гидрография**

Территорияның оңтүстік шетінде Құмсуат және Чернышев шығанағымен берілген Арал теңіз-көл акваториясы орналасқан. Су тұздылығы 11% жетеді, сондықтан оны ауыл шаруашылық қажеттілікке пайдалану шектелген. Адамзаттың шектеусіз әрекетінің нәтижесінде теңіз-көл деңгейі едәуір төмендеп, аймақтың экологиялық апатқа ұшырады. Облыс аймағында Арал теңіз-көлінен басқа, көлемі үлкен емес көптеген көлдер бар. Бірақ көбісі көктем кезінде ғана толады, ал жаз айларында құрғап қалады. Мұғалжар маңы, Мұғалжар тауларының 5км батысқа қарай тұщы және ащы тұздар жүйесі: Тұздықөл, Соленое, Қаракөл, Соркөл, Қайыршақтыкөл орналасқан. Көлдердің бір бөлігі жаз айларының аяғына қарай құрғап қалады.

Халық шаруашылық әрекеті нәтижесінде тұщы көл-қоймаларын жасауға мәжбүрледі: Жақсы Қарғалы өзені бойында Қарғалы су қоймасы, Елек өзені бойында Ақтөбе су қоймасы, Әулие өзені бойында Әулие су қоймасы, Ойсылқара өзені бойында Ойсылқара су қоймасы бар.

Ең ірі өзен артериясы- Каспий теңізінің бассейіне тиесілі Ресейдің Орынбор облысы шекарасындағы солтүстік аймағымен өтетін Урал өзені жатады. Өзен тілігінің ұзындығы 50км, ені 100м жетеді. Урал өзенінің сол жақты жағалауы салалары- Өр, Эбита және Елек. Өр өзенінің көзі батыс Мұғалжардан бастау алады. Қазақстан шекарасындағы өзен ұзындығы 370км. Өр өзенінің салаларына Ақсу, Ойсылқара, Қатынадыр, Қызылқайын, Мамыт жатады.

Орал асты платосының оңтүстік бөлігінде Ембі өзені (ұзындығы 680км, көзін Мұғалжар тауының алады) ағып жатыр. Оның оң жағалаулы саласы-Темір өзені, ал сол жағалаулы саласы – Атжақсы өзені. Ембі өзенінің және оның салаларының суы тұщы болып келеді.

Ақтөбе облысының солтүстік-шығыс аймағынан Орынбор облысы шекарасынан бастау алатын Ырғыз өзенінің ұзындығы-560км. Бұл өзеннің бірден-бір ерекшелігі сол жағалаулы салалардың болмауы, ал оң жағалаулы салаларға: Баксайс, Үймола, Қарабұтақ, Қияқты, Шолаққайрақты және т.б.

### **Климат**

Ақтөбе облысының климаты, қыс мезгілі қатты суық, жазы ыстық, күрт континенталды мезгілімен сипатталады. Батыстан шығысқа қарай (600-680км) созылған, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай (570-610км). Өр ауданның климаты, жер қойнауы, флорасы мен фаунасы бір-бірінен ерекшеленеді. Ақтөбе қаласының солтүстік жағында орташа  $t$  қаңтар айында  $-15^{\circ}C$ , шілде де  $+22^{\circ}C$ . Жылдың орташа жауын-шашын мөлшері 275мм, Торғай жазықтығында 213мм, ал Арал теңізі жағалауында 50-90мм. Оңтүстік және шығыс аудандар жиі және қатты желдермен ерекшеленеді(шан және құмды борандар болатын), ал теңізде шторм 7 баллға дейін жетеді. Мұғалжар таулары мен шығыс Мұғалжар платосы жусанды шөлейтті далалықпен сипатталады. Мұндай жазықтықтарда смерчтер мен вихрлер де өте көп. Шөлейтті далалықтар оңтүстікке қарай жартылай шөлейтті, жусанды өсімдіктермен ерекшеленеді. Арал маңының солтүстік бөлігінің және Торғай өңірінің оңтүстік аймақтарында қарапайым жусанды, жартылай шөлейтті, құм-шөлді, бархандар мен қырлы ландшафттан құралған. Чаянов С.К. 1959 ж Батыс Қазақстанның климатының ғасырдың бас жағынан өзгеріске ұшырағанын: атмосфералық түсімнің азайғанын және жылдың орташа температураның көтерілгенін атап өтті. Соның нәтижесінде ашық-қонырқай жер қойнауының күрт қонырға өзгеруі, соңғылары солтүстікке қарай жылжып кетті. Соңғы 40 жылда бұл

үрдістер климат пен экологиялық жағдайды ушықтырып, жылдын орташа температурасы артты.

Ақтөбе облысында кездесетін табиғи тас кен орындары монументалды құрылыс жобаларында, оның мәдени-эстетикалық қасиеті, декоративтілік, тастың құрылымы, бетіндегі ою-өрнектер, олардың үйлесімділігі, өрнек бірегейлігі, анықтылығы қолданылады.

Құрылыс жобаларының ішкі қабырғаларын әрлеу жұмыстарына да табиғи тас қолданылады. Құрылыс орындардың ішкі бетінің температуралық және ылғалдылық тұрақтылығы оның жұмыс жасау ұзақтылығын арттырады.

Ақтөбе өңірінде табиғи декоративті тас кен орындары габбро, габбронорит, гранит, мәрмәр, әктас-ұлутас, сонымен қатар перспективалық диорит, монзонит, мәрмәрлі әктас, құмтастар, змеевик (серпентинит), кварцит, слюда, амфиболит, риолит, базальт секілді кен орындар пайда болуда.

«Тас» термині мағынасында табиғи және шынайы тау жыныстары түсіндіріледі. Табиғи тастардың өндіру блок түрінде жүргізіледі. Бұл тастардың тәжірибелік құндылығы ретінде блоктық, физикалық-механикалық қасиеттер, ұзақ мерзімділігі, декоративтілігі, радиоактивтілігі жатады.

Тастың физикалық-механикалық қасиетін білмей, оның қолдану аясын, тәжірибелік бағытында қолдану мүмкін емес. Тасты бағалауға одан басқа су сіңіргіштік, тығыздық, көлемді салмақ, кеуектілік, мүжілуі жатады. Мүжілу қасиеті баспалдақ, тротуар, еден төсемдерін қолдану кезінде ескеріледі.

## **Литература**

1. В.Ф. Коробков, Б.К. Баймағамбетов, П.К. Сапожников, К.Т. Улукпанов –Ақтөбе, 2010 г. 371 стр.

## **ПРОФОРИЕНТАЦИОННАЯ РАБОТА В АКТЮБИНСКОМ СОЦИАЛЬНО – ТЕХНИЧЕСКОМ ИНСТИТУТЕ «ДУНИЕ» МУСАБАЕВА С. Ж., ЕЛЕМИСОВА Д. М.**

Проблемы развития воспитания, несомненно, заслуживают самого пристального внимания, так как речь идет о завтрашнем дне Казахстана ценностных ориентирах нашего общества, о национальной безопасности страны, корни которой кроются в воспитании, творческом развитии, гражданском становлении подрастающего поколения.

Развитие воспитания в системе образования Республики Казахстан в последние годы по праву стало одним из приоритетных направлений в деятельности Министерства образования и науки Республики Казахстан, органов управления образованием субъектов образовательных учреждений всех типов и видов.

Социальный заказ государства на воспитание человека образованного, нравственного, предприимчивого, готового самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способного к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу страны, находит отражение в важнейших документах- ежегодном Послании Президента Республики народу Казахстана, государственной программе патриотического воспитания граждан Республики Казахстан и др. В Конституции Республики Казахстан закреплены основные права, непосредственно связанные с процессом воспитания.

Направленность государственной политики на целостность воспитания учащегося как гражданина Республики Казахстан и обеспечение его конституционных прав нашли отражение в Концепции этнокультурного образования в РК, Концепции правового